

Бақылау тапсырмаларын орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар.

Белгілі бір мерзім сайын “ҚР Салық құқығы” пәні бойынша магистранттардың үлгерімдері мен білім деңгейлерін тексеріп, бағалау мақсатында СӨЖ бақылау жүргізіледі. Осы аралық бақылаулар кейде ауызша қабылданғанымен көбінесе жазбаша, реферат түрінде орындалып, өзекті мәселелеріне байланысты ауызша қорғалады. Демек, магистранттардың өзіндік, дербес жұмыстарының реферат түрінде орындалуы міндетті болып табылады және олар үшін тиімді болады. Өйткені, реферат жазу ғылыми шығармашылықтың бастамасы болып саналады.

Реферат орындау кітаптар каталогымен жұмыс істеуді, библиографиялық ізденістер жасауды және ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізуді үйренуге баулиды, өтіп жатқан лекциялар мен семинар сабақтарындағы салықтық құқықтың негізгі қағидаларымен және өзекті проблемаларымен жете танысуға мүмкіндік береді, сондай – ақ нақты мәселелерге қатысты өз ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға және қажетті ақпараттар алуға көп көмегін тигізеді.

Сонымен қатар, рефератты жазу барысындағы ұтымды көрініс берілген тақырыпты зерттеп – зерделеуге қажетті заңи әдебиеттер жинау арқылы әрбір автордың тиісті мәселе жөніндегі көзқарастары мен пікірлерін салыстыру, сол салыстыру кезінде мәселенің мән – маңызын жете айқындау және талас тудыратын пікірлер, сауалдар бойынша осы саланың маманының немесе оқымыстыларының көзқарасын орынды деп тауып, соған қосылу, мақұлдау немесе өзінің қабілетіне қарай, алған біліміне сүйене отырып дәлелді түрде студенттің өз көзқарасын не болмаса тұжырымын қалыптастыруы болып табылады. Демек, тақырып желісіндегі өзекті мәселелер жөнінде айтылған бірнеше автордың көзқарастарын салыстырып, талдау және қорытындылау студент үшін өте пайдалы болары сөзсіз. Рефератты орындау кезінде ескеретін бір жәйт, авторлардың ұсынылған еңбектерінен көбірек және міндетті түрде цитата келтіру қажет, сондай – ақ сол цитатасы бар беттің төменгі жағына түсірме жасалынып, түсірмеде сілтеме мәліметтер жазылуға тиіс. Рефераттың көлемі 20 қолжазба беттен кем болмауы тиіс. Осы іс - әрекеттер рефераттың ғылыми маңыздылығын арттыра түседі.

Түсірмедегі сілтемелердің мынадай тәртіппен жазылғаны жөн болады: автордың аты, жөні; еңбектің толық аталымы; басылып шыққан жері; баспаның аталуы; басылып шыққан (жарық көрген) жылы; нақты беттері.

Мәселен: _____

Гуреев В.И. Налоговое право. М., Экономика, 1995, с.17.

1 СӨЖ:

1. Салықтар: түсінігі, ерекше белгілері, функциялары. (ҚР салықтар және олардың заңи сипаттамасы).
2. Салық салудың пайда болуы және дамуы: жүйесі және құқықтық негіздері (Көне Рим мен Грекиядағы, Үндістандағы, Иудеядағы, көне орыс мемлекеті мен орта ғасырлық Ресейдегі, орта ғасырлық қазақ мемлекеті мен Ресей боданындағы қазақ еліндегі, Әмір Темірдің кезіндегі салықтар мен салу тәсілдері және олардың заңи негіздері).
3. Салық салу жөніндегі ілімнің туындау кезеңдері және орта ғасырдағы Еуропа елдеріндегі салықтар: алыну негіздері, сипаттамасы. (Салықтар табиғаты, салық салу қағидалары және құқықтық механизмі жөнінде Жан Кольбер, Фрэнсис Бэкон,

Шарль Монтескье, Уильям Петти, аббат Тэрре, Адам Смит, Давид Рикардо, Арман Ришелье және т.б. авторлар жасаған тұжырымдар, пікірлер, көзқарастар).

4. Салықтардың экономикалық маңызы мен мән-жайы және салық салудың құқықтық аспектілері. (“Опыт теории налогов” атты Н.И. Тургеневтің елеулі еңбегіне шолу жасау арқылы әрбір тарауына сипаттама беру).
5. Қазіргі кездегі еуропалық салық салу жүйесі: оның ерекшеліктері және заңи сипаттамасы (Ұлы Британия, Франция, Германия, Италия, Испания, Австрия және Швециядағы салықтар: түрлері, құқықтық негіздері).
6. Мемлекеттің салық салу жүйесінің реттеуші негіздері фискалдық және макроэкономикалық мүдделерді теңдестіру жолдары, нормативтік - құқықтық базасын жетілдіру мәселелері.
7. Салықтар мемлекет кірісін қалыптастырудың және бюджеттік реттеудің таптырмас құралы ретінде: рөлі, маңызы, нормативтік-құқықтық негіздері, сипаттамасы.
8. Мемлекеттің салық жүйесінің экономиканы реттеу барысындағы рөлі және оның экономикалық-құқықтық аспектілері.
9. Салық заңдарындағы салықтардың заңи құрамының элементтері және олардың сипаттамасы.
10. Мемлекеттегі салықтарды белгілеу: ерекшеліктері, конституциялық негіздері мен принциптері. (Мемлекеттің салықтық юрисдикциясының шегі).
11. Шет мемлекеттердің салық жүйелері: түсінігі, әлеуметтік экономикалық және саяси-құқықтық сипаттамалары.
12. Мемлекеттің салықтық қызметі: экономикалық мән-жайы, құқықтық аспектісі, сипаттамасы.
13. Мемлекеттің бюджеттік қызметінің аясындағы салықтар мен салық жүйесі: экономикалық мәні, құқықтық негіздері.
14. Қазақстан Республикасындағы салық салу жүйесі: әлеуметтік-экономикалық және саяси-әкімшілік даму аясында атқаратын рөлі.
15. Қазақстан аумағындағы алымдар, баждар және төлемақылар: түрлері, экономикалық-құқықтық сипаттамасы.
16. Мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық нысандары: нарықтық даму жағдайында жетілдіру мәселелері және ерекшеліктері.
17. Салықтық құқық құқықтық құрылым ретінде: жалпы сипаттамасы.
18. Қазақстан Республикасындағы салық органдары: қызметтерінің негізгі бағыттары, құзыреттері және ұйымдастырылуының қаржылық - құқықтық негіздері.
19. Халықаралық салықтық құқық: негізгі ұғымдары, принциптері, институттары.

20. Салық органдарының автоматтандырылған ақпарат жүйесін құру барысында салық салу жүйесінің ұйымдастырылу құрылымын жетілдіру мәселелері.
21. Салық органдары және салықтық құқық мемлекеттіктің, сондай-ақ нарықтық экономиканың мызғымас атрибуты ретінде: маңызы, ерекшеліктері.
22. Қазақстан Республикасының салықтық заңдары: түсінігі, топтастырылуы, сипаттамасы.
23. Салықтық - құқықтық нормалар: ерекшеліктері және жалпы сипаттамасы.
24. Отандық және шетелдік салық салу жүйелерінің экономикалық - құқықтық негіздерін салыстырмалы талдау мәселелері.
25. Мемлекеттің қаржылық рыногының әр түрлі сегменттерін салықтық реттеудің құқықтық негіздері мен проблемалары.

**Пайдалануға ұсынылатын арнайы әдебиеттер
мен нормативтік-құқықтық актілер:**

1. Черник Д.Г. Налоги. М., ФиС., 1999, с.5-31, 32-43, 44-52.
2. Черник Д.Г., Починок А.П., Морозов В.П. Основы налоговой системы. М., ЮНИТИ, 1998, с.37-52, 53-64, 96-123.
3. Зейнелгабдин А.Б. Финансовая система: экономическое содержание и механизм использования. Алматы, Қаржы-Қаражат, 1995, с.28-61, 151-159.
4. У истоков финансового права. (золотые страницы финансового права России). Под редакцией А.Н. Козырина. М., Статут, 1998, с.107-269.
5. История государства и права Казахской ССР. т.1, Алма-Ата, Мектеп, 1982, с.45-135.
6. Основы налогового права. (под ред. С.Г. Пепеляева) М., 1995, с.22-33, 34-38, 54-55, 80-86.
7. Худяков А.И. Налоговое право Республики Казахстан. Алматы, Жеті Жарғы, 1998, с. 88-112, 113-155, 270-277.
8. Худяков А.И., Наурызбаев Н.Е. Налоги: понятие, элементы, установление, виды. Алматы, 1998, с. 5-40, 44-101, 104-134, 136-146.
1. Химичева Н.И. Налоговое право. М., БЕК, 1997, с. 1-40, 43-66.
2. Райзберг Б.А. Курс экономики. М., Инфра-М, 1999, с. 447-480.
3. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық негіздері. Алматы, 1998.
4. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. Алматы, 1996.
5. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. Алматы, 2000.
6. Все начиналось с десятины: этот многоликий налоговый мир. М., Прогресс, 1992.
7. Дэрнберг Р.Л. Международное налогообложение. М., ЮНИТИ, Будапешт, COLPI, 1997.
8. Мещерякова Ф.В. Налоговые системы развитых стран мира. М., 1995.
9. Пушкарев В.М. История финансовой мысли и политики налогов. М., 1996.
10. Налоги и налогообложение (под ред. И.Г. Русаковой, В.А. Кашина). М., 1999.
11. Миляков Н.В. Налоги и налогообложение. М., 2001.
12. Уложение Тимура. Исторические записки. Ташкент, Чулпон, 1992, с.53-56.
13. Порохов Е.В. Теория налоговых обязательств. Алматы, 2001, с.с. 78-103, 103-141.
14. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексі. (2002 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескеру қажет).

15. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1-сәуірдегі “Бюджет жүйесі туралы” Заңы. (2001, 2002 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескеру қажет).
16. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20-шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заңы.

2 СӨЖ тапсырмалары мен сұрақтары:

1. Салықтардың туындау тарихын, мемлекеттіктің атрибуты ретіндегі маңызын және экономикалық категория ретіндегі түсінігі мен мәнін айтып беріңіз, ерекше белгілерін атап көрсетіңіз.
2. Салықтардың құқықтық категория ретіндегі түсінігін айтыңыз және негізгі заңи белгілерін атап көрсетіңіз.
3. Салықтардың атқаратын рөлдері мен функциялары қандай?
4. Алымдар дегеніміз не? Оларды кімдер, қалай белгілейді, қай деңгейде, не үшін алынады, қандай ерекше белгілері бар?
5. Баждардың түсінігін айтып беріңіз. Қазақстан аумағындағы баждар қалай бөлінеді, кімдер белгілейді, қандай уәкілетті органдар ала алады.
6. Салықтар мен алымдардың және баждардың өзара айырмашылықтары және арақатынастары.
7. Төлемақы дегеніміз не? Оның қандай айрықша белгілерін білесіз. Олар міндетті төлемдер қатарына жата ма?
8. Мемлекеттің салық жүйесінің түсінігін айқындап беріңіз. Қазақстан Республикасы заңдарында салық жүйесінің түсінігі қалай берілген. Осы заңдар бойынша салық жүйесінің құрамына кіретін салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді толығымен атап көрсетіңіз.
9. Салықтардың өздеріне тән белгілерін сипаттап беріңіз.
10. Салықтардың топтастырылуы жөнінде не айта аласыз?
11. Салықтардың экономиканы және бюджетті реттеу құралы ретіндегі рөлі мен маңызы.
12. Мемлекеттің салық жүйесінің экономиканы реттеудегі рөлін қалай түсінесіз.
13. Бюджетті қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында тек таза фискальдық әдістерді қолдану қажет пе?
14. Салық субъектісі, салық төлеуші, салық салмағын көтеруші дегеніміз кім және салық кодексінде олардың кінәсіздік презумпциясының принциптері қарастырылған ба?
15. Салық салу ауқымын кеңейту дегенді қалай түсінуге болады? Салықтардың санын ұлғайтып, ставкаларын жоғарылату қажет пе немесе салықтарды төлейтін тұлғалардың көбеюіне байланысты салықтарды аз жинау дұрыс па?
16. Салық төлеушінің мемлекет алдындағы салықтық міндеттемесі қандай негіздерге байланысты туындайды.
17. Салықтардың мемлекеттік-қоғамдық сипатта болуын қалай түсінеміз.
18. Салық салу аясы салықтық құқықтың аясы ретінде: мән-жайлары, салықтық-құқықтық реттеу ерекшеліктері және әлеуметтік-экономикалық процестерге тигізетін ықпалы.
19. Салық салу аясындағы резиденттер, резидент еместерге кімдер жатады. Оларды қандай негіздерге немесе нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып айқындауға болады.

3 СӨЖ тапсырмалары:

1. Салықтық құқық және егемен Қазақстан: (салықтық құқықтың және мемлекеттің фискальдық жүйесінің нарықтық жағдайда қалыптасып, даму тенденциялары, негізгі қағидаттары).

2. Салықтық құқықтың құқықтық реттеу әлеуетті: маңызы, әдістері, қолданылу аялары, сипаттамасы.
3. Қазақстан Республикасының салықтық заңдары және салық жүйесін реформалау бағыттары: жалпы сипаттамасы.
4. Салықтық құқық құқықтық құрылым ретінде: теориялық және практикалық мәселелері.
5. Материалдық бюджеттік қатынастардың салықтық әлеуеті: теориялық мән-жайы және іске асырудың құқықтық нысандары.
6. Қазақстан Республикасының Салық кодексі мемлекеттің салық жүйесінің құқықтық негізі ретінде: жалпы сипаттамасы.
7. Мемлекеттік салық әкімшілігін жүргізу: теориялық және құқықтық негіздері, жетілдіру мәселелері.
8. Қазақстан Республикасындағы шетелдік элементтері бар салықтық қатынастарды құқықтық реттеу ерекшеліктері мен негіздері.
9. Еуропалық салықтық құқық: мән-жайы, құралымы, принциптері.
10. Халықаралық салықтық қатынастардың құқықтық негіздері.
11. Салықтық құқықтық қатынастардағы заңи айғақтар: түсінігі, маңызы, функциялары, топтастырылуы, сипаттамасы.
12. Қазақстандағы материалдық салықтық және ұйымдастырушы салықтық құқықтық қатынастар: ерекше мән-жайы, өзекті мәселелері, өктем билікті – мүліктік сипаты.
13. Қазақстан Республикасының салықтық құрылысы: экономикалық және құқықтық негіздері, негізіндегі принциптер, сипаттамасы.
14. Салық салу саласындағы басқару мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде. (міндет-мақсаттары, басқарушы құзыретті органдары, құқықтық негіздері, салықтық қызметпен салыстырғандағы айырмашылығы).
15. Мемлекеттік салықтық жоспарлау жалпы бөлімінің институты ретінде. (бағдар-бағыттары, оны жүзеге асыратын мемлекеттік мүдделі органдар мен тұлғалар, макроэкономикалық және микроэкономикалық даму деңгейлері тигізетін ықпалдар, құқықтық негіздері, мемлекет тарапынан тұрақты жүргізілетін маңызды творчестволық қызмет ретіндегі сипаттамасы).
16. Мемлекеттік салықтық бақылаудың құқықтық негіздері: құқықтық институт ретіндегі мән-жайы, мақсат-міндеттері, қағидаттары.
17. Салықтық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік - қаржылық-құқықтық жауапкершіліктің бір түрі ретінде: жалпы сипаттамасы.

18. Қазақстандағы салық органдары, олардың құрамы, жүйесі және құзыреттері. (салықтық қызметтері аясындағы автоматтандырылған ақпараттық жүйенің функциясы және оны жетілдірудің қаржылық-құқықтық мәселелері).
19. Мемлекеттің салық жүйесінің қазіргі кездегі концепциялары, тұжырымы, экономикалық - құқықтық сипаттамасы.
20. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару және мемлекеттік салықтық жоспарлау: мән-жайлары, ерекшеліктері, қаржылық - құқықтық аспектілері.
21. Мемлекеттің салықтық құрылысы – салықтық құқықтық қатынастардың тиімді жүйесін құрудың мемлекеттік билік құралы.
22. Қазақстан Республикасындағы шағын бизнес субъектілеріне салық салу: құқықтық негіздері және салықтық міндеттемелерінің ерекшеліктері.
23. Мемлекеттік салықтық бақылау: мән-жайы, әдістемелік және ұйымдық - құқықтық проблемалары, даму тенденциялары.
24. Мемлекеттің және коммерциялық емес ұйымдар мен мемлекеттік емес қорлардың арасындағы салықтық құқықтық қатынастарды дамыту және жетілдіру ерекшеліктері.
25. Мемлекеттік бюджет кірістері мен экономиканы салықтық реттеудің әдістері мен құқықтық негіздері.
26. Шетелдік заңды және жеке тұлғаларға салық салу ерекшеліктері, құқықтық негіздері және проблемалары (осыған байланысты тиісті заңи актілерде белгіленген құқықтық механизмдер мен шаралар, сондай-ақ халықаралық құқықтық мән-жайдың теориялық аспектілері).
27. Мемлекетін салық салу аясындағы салықтық құқықтық қатынастардың субъектілері: атқаратын іс-қимылдарының басымды бағыты, құқықтық негіздері мен теориялық тұжырымдамалары.
28. Салықтық құқықтың жалпы және ерекше бөлімі институттарының жалпы сипаттамасы.
29. Қазақстандағы мемлекеттік өктем билік органдарының салық салу аясындағы құзыреттері: дәреже-деңгейлері, қызмет ауқымдары.
30. Республикалық бюджеттің түсімдері – салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді құқықтық реттеу негіздері, мәселелері және заңи сипаттамасы.
31. Жергілікті бюджеттердің түсімдері салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді құқықтық реттеу негіздері, мәселелері және заңи сипаттамасы.
32. Жергілікті бюджеттердің салықтық кірістерін қалыптастыру проблемалары, экономикалық және құқықтық негіздері.
33. Бюджеттік ұйымдардың кәсіпкерлік пайдаларына салық салу ерекшеліктері, құқықтық негіздері және заңи сипаттамасы.

34. Қазақстан Республикасындағы салық салу жүйесін құру, оның атқаратын қызметінің нормативтік - құқықтық базасын жетілдіру мәселелері мен негізгі бағыттары.
35. Қосарлы салық салуды болдырмау жөніндегі мемлекетаралық салықтық конвенциялар құқықтық мән-жайлары, қолдану ерекшеліктері.

Арнайы әдебиеттер мен нормативтік - құқықтық актілер:

1. Худяков А.И. Налоговое право РК . Алматы, 1998.
2. Атапханов К.А. Фискальная система государства: роль и вопросы совершенствования. Алматы, Ғылым, 1999.
3. Черник Д.Г., Починок А.П., Морозов В.П. Основы налоговой системы. М., Юнити, 1998.
4. Основы налогового права. (под ред. С.Г. Пепеляева.) М., 1995.
5. Худяков А.И. Финансовое право РК. (общая часть.) Алматы, 2001.
6. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық негіздері. Алматы, 1998.
7. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. Алматы, 1996.
8. Черник Д.Г. Налоги. М., ФиС, 1999.
9. Химичева Н.И. Налоговое право. М., 1997.
10. Гаджиев Г.А., Пепеляев С.Г. Предприниматель – налогоплательщик – государство. М., 1998.
11. Карасева М.В. Финансовое правоотношение. Воронеж, 1997.
12. Налоговое право. (под редакцией С.Г. Пепеляева). М., 2000.
13. Мухамеджанов Э.Б., Межибовская И.В., Садвокасова И.К. Казахстан – налоговые договора. Алматы, 1998.
14. Фомина О.А. Источники налогового права зарубежных стран. М., 1996.
15. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Салықтық заңдарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік. Алматы, 1999.
16. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Қаржылар саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері. Алматы, 1999.
17. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. Алматы, 2000.
18. Карасева М.В. Финансовое право. М., Юристь, 1999.
19. Химичева Н.И. Финансовое право. М., Юристь, 1999.
20. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, Жеті Жарғы, 1998.
21. 2001 жылғы маусымның 12-сіндегі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралың Қазақстан Республикасының Кодексі (жаңа Салық кодексі).
22. Бюджеттік кодекс, 1999 жылғы сәуірдің 1-індегі «Бюджет жүйесі туралың ҚР Заңы. (2001, 2002 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
23. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралың Заңы.

4 СӨЖ барысында қойылатын сұрақ - сауалдар:

1. Мемлекеттің салықтық қызметінің түсінігін айқындаңыз және оның қалайша қаржылық қызмет түріне жататынын негіздеңіз.
2. Салықтардың өздеріне тән функциялары жүзеге асырылатын мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі бағыттарын атап көрсетіңіз.
3. Мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі міндеттері мен мақсатын және құқықтық негіздерін сипаттап беріңіз.

4. Мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі принциптері мен әдістері жөнінде алған ақпараттарыңызды айтып беріңіз.
5. Мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық нысандарының түсінігін және оларға нелер жататынын баяндап беріңіз.
6. ҚР Президентінің, ҚР өкілді және тиісті атқарушы билік органдарының, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдарының салықтық қызмет аясындағы өкілеттіліктерін сипаттап өтіңіз.
7. Салық заңдары мен басқа да салық мәселелеріне байланысты нормативтік - құқықтық актілерді қабылдау ерекшеліктері, процедуралары және оларды қабылдауға хақы бар лауазымды тұлғалар мен уәкілетті органдар жөнінде не айта аласыз?
8. Салықтық құқықтың пәні дегеніміз не? Оны құрайтын материалдық-салықтық және ұйымдастыру салықтық қатынастарының ерекше белгілеріне сипаттама беріңіз.
9. Салықтық құқықтың түсінігін, әлеуметтік-экономикалық процестерге тигізетін ықпалын, мемлекеттік бюджетті қалыптастырудағы рөлін баяндап беріңіз.
10. Салықтық құқықтың құқықтық реттеу әдістері ретінде көрініс табатын императивтік және диспозитивтік әдістердің мемлекеттің салық салу аясында қолданылу ерекшеліктері мен өздеріне тән белгілерін сипаттап көрсетіңіз.
11. Салықтық құқықтың құқық жүйесінде алатын орны және оның шектес жатқан конституциялық, әкімшілік құқық, «міндеттемелік құқық бойынша азаматтық құқық салаларымен, әсіресе қаржылық құқық саласымен арақатынасын түсіндіріп беріңіз.
12. «Салықтық құқық және «салықтар заңдар түсініктерінің арақатынасын қалайша сипаттауға болады?
13. Салықтық құқық жүйесінің түсінігін, құрылымын және оның құрамындағы институттарды жаңа Салық кодексінің қабылдануына байланысты жаңаша қалыптастыру жолдары мен тәсілдерін атап көрсетіңіз.
14. Салықтық құқықтың дерек көздерінің түсінігі, аясы және ерекшеліктері жөніндегі сипаттамасын беріңіз. Салықтық құқықтың болмысының нысаны-салықтық заңдарға сипаттама беріңіз.
15. Салықтық құқықтық нормалардың түсінігін, өздеріне тән белгілерін және ерекшеліктерін айтып беріңіз.
16. Салықтық құқықтық қатынастардың түсінігін айқындай отырып, олардың ерекше белгілері мен түрлерін сипаттап беріңіз
17. Салық төлеушілердің құқықтары мен міндеттерін атай отырып, оларды салық салу аясындағы басты міндетін көрсетіңіз.
18. Салық органдары мен басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың салық салу аясындағы құзыреттерін айтып беріңіз.
19. Салық салу аясындағы міндетті бағынышты субъектілер мен өктем билік субъектілерінің өз құқықтарын қорғау тәсілдерінің ерекшеліктері қалай негізделген.
20. Салықтық құқықтық қатынастардың объектісі деп нені айтамыз?
21. Салықтық құқықтық қатынастардағы заңи фактілердің функцияларын, рөлі мен маңызын түсіндіріңіз.
22. Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеудің түсінігі, мән-жайы, қажеттілігі, қолдану негіздері жөнінде қандай ақпарат алдыңыз?
23. Салық салу аясында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының қандай түрлерін білесіз?
24. Салық салу аясындағы мәжбүрлеу мен заңи жауапкершіліктің айырмашылығы неде?
25. ҚР Салық кодексінде көзделген, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеме бойынша салық берешегін мәжбүрлеп алу шаралары жөнінде не айта аласыз?
26. Салықтық міндеттемелерді мәжбүрлеп орындату аясында қолданылатын мәжбүрлеу шаралары қандай ережелер немесе белгіленген тәртіп негізінде жүзеге асырылады?

